

2012 жылға арналған халықтың нысаналы топтарын анықтау туралы

Қостанай облысы Лисаков қаласы әкімдігінің 2011 жылғы 29 желтоқсандағы № 778 қаулысы. Қостанай облысы Лисаков қаласының Әділет басқармасында 2012 жылғы 13 қаңтарда № 9-4-197 тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 5-бабы 2-тармағына, 7-бабының 2) тармақшасына сәйкес Лисаков қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2012 жылға арналған халықтың нысаналы топтары болып мынадай санаттар а й қ ы н д а л с ы н :

- 1) та бы с ы а з а д а м д а р ;
- 2) жиырма бір жасқа дейінгі жастар;
- 3) балалар үйлерінің тәрбиеленушілері, жетім балалар мен ата-ананың қамқорлығынсыз қалған жиырма үш жасқа дейінгі балалар;
- 4) кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеп отырған жалғыздікті, көп балалы а т а - а н а л а р ;
- 5) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен асырауында тұрақты күтімді, көмекті немесе қадағалауды қажет етеді деп танылған адамдар бар а з а м а т т а р ;
- 6) зейнеткерлік жас алдындағы адамдар (жасына байланысты зейнеткерлікке шығуға екі жыл қалған) ;
- 7) м ү г е д е к т е р ;
- 8) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарынан босаған адамдар;
- 9) бас бостандығынан айыру және (немесе) мәжбүрлеп емдеу орындарынан б о с а т ы л ғ а н а д а м д а р ;
- 10) о р а л м а н д а р ;
- 11) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын бітірушілер;
- 12) жұмыс беруші-заңды тұлғаның таратылуына не жұмыс беруші-жеке тұлғаның қызметін тоқтатуына, қызметкерлер санының немесе штатының қысқаруына байланысты жұмыстан босатылған адамдар;
- 13) "Лисаков қаласы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінде лайықты жұмысы жоқ жұмыссыздар ретінде тіркелген т ұ л ғ а л а р ;
- 14) жиырма бір жастан жиырма тоғыз жасқа дейінгі жастар;

15) қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - Қостанай облысы Лисаков қаласы әкімдігінің 2012.02.14 № 76; 2012.04.09 № 172 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Лисаков қаласы әкімінің орынбасары Ә. С. Сапароваға жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Лисаков қаласының әкімі

В. Радченко